

**«Алматы облысы білім басқармасының Балқаш аудандық бойынша
білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№2 Жамбыл атындағы орта
мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» мемлекеттік
коммуналдық мекемесі**

2023-2024 жж талдау есебі

07.08 - 01.09.2023 аралығында оқулықтарды оқушыларға тарату жұмысы жүргізілді, және ауданнан жаңа оқулықтар келді. Биыл 2023-2024 оқу жылындағы кітапханадағы барлық кітап қоры 8468, көркем әдебиет 1126 дана, оқулықтар 7083 дана, оқу-әдістемеліктер 259 дана. Мұғалімдер үшін әдістемелік оқу құралы жеткілікті. Биылғы жылы сыныптар бойынша 2 сынып оқушыларына әр баспадан жаңа кітаптар беріліп, басқа сыныптарға керекті қосымша кітаптар алынды. Осы орайда сынып жетекшілері оқушы санына байланысты оқулықтарды 100% санап алды. Жалпы мектеп оқушыларына оқулықтар 100% таратылды.

11.08.2023 жылы «№2 Жамбыл атындағы орта мектеп МДШО» МКМ кітапханасында, кітапханашы Ж.Нуртаеваның ұйымдастыруымен қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, философ, аудармашы, қазақ мәдениетін жаңартуды көздеген реформатор Абай Құнанбаевтың туылған күніне орай «Абай дана, Абай дара қазақта» атты ақынның өлеңдерін оқып, шығармаларын насихаттау бойынша челлендж ұйымдастырылды. Бұл шараның мақсаты: Оқушыларға Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығын тереңнен танытып, ақынның еңбектерімен толық таныстыру. Аталмыш шара 3-10 сынып оқушыларының қатысуымен өтті. Челлендж орындау барысында оқушылар ақынның түрлі еңбектерімен танысып, қара сөздерінен үзінділер оқып, көптеген естеліктермен құнды мәліметтермен сусындады.



<https://www.facebook.com/groups/2958909037673347/permalink/3354003231497257/?sfnsn=mo&ref=share>

5.09.2023 жылы «Тілдер күні» мерекесіне орай Балқаш ауданы «№2 Жамбыл атындағы орта мектеп МДШО» МКМ кітапханашысы Ж.Нуртаеваның ұйымдастыруымен «Тіл тағдыры – ел тағдыры» атты кітап көрмесі қойылды.

Бұл шараның мақсаты: Мектеп оқушыларын ана тіліміздің мәртебесін асқартатын, ұлттық патриотизмге баулу, білім көкжиектерін кеңейту.



<https://www.facebook.com/groups/2958909037673347/permalink/3637376959826548/?mibextid=8ub1ZrXe9gtbsnOI>

15.10.2023 жылы «Кітап біздің досымыз» атты 2-4 сыныптар аралығында оқулықтарының тазалығын, ұқыптылығын тексеру үшін рейд ұйымдастырылды.

23.10.2023 жылы «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында педагог-жазушы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің 145 жылдық мерейтойына орай «Ұстаз – ұлағат иесі» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге жазушының еңбектері мен суреттері, құнды деректер қойылды. Бұл көрменің мақсаты: Оқушылардың Спандияр Көбеев шығармашылығы туралы түсініктерін кеңейту, әңгімелерінің мазмұны мен идеясын меңгерту, алған білімдерін ауызша және жазбаша түрде пайдалануын қалыптастыру.

<https://www.instagram.com/p/C6D2kHjM11V/?igsh=MXA3YnZvZ2F5ZDk4MA>

30.10.2023 жылы «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, ақын, Алаш қозғалысының қайраткері Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдық мерейтойына орай 5-8 сыныптар арасында «Мен жастарға сенемін» атты мәнерлеп оқу сайысы ұйымдастырылды. Бұл шараның мақсаты: Оқушыларға, қазақ халқының біртуар тұлғасы Мағжан Жұмабаевтың өмір жолын, өлеңін, шығармашылығын насихаттай отырып, балаларды Отансүйгіштікке, сұлулыққа тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/v/Eb73fCSc3TXmE8LE/?mibextid=WaXdOe>

10.11.2023 күні 2-4 сыныптар арасында мектеп кітапханашысы Ж.Нуртаеваның ұйымдастыруымен «Тез оқуды үйренейік» атты **«Жылдам оқу»** сайысы ұйымдастырылды. Бұл шараның мақсаты: Оқушыларды кітап оқуға және көп оқуға тарту. Кітап арқылы білімдерін кеңейту, кітап оқуға ынталарын арттыру, көпшілік алдында өз ойларын еркін жеткізе білуге үйрету, тіл байлықтарын дамыту.

<https://www.facebook.com/groups/2958909037673347/permalink/3382401301990783/?sfnsn=mo&ref=share>

15.11.2023 күні «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Қазақстанның халық жазушысы, акын, аудармашы, әдебиеттанушы, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Мұзафар Әлімбаевтың 100 жылдық мерейтойы қарсаңында мектебіміздің 10 сынып оқушыларымен «Тау тұлғалы қаламгер» атты оқырмандар конференциясы болып өтті. Мұзафар Әлімбаев төл әдебиетімізді өркендетуге үлес қосқан, мәдениетіміз бен өнерімізді дәріптеуге зор еңбек сіңірген сөз зергері. Рухани жүздесуде М.Әлімбаевтың қаламының туындаған құнды дүниелердің терең мәні талданып, оқушылар әдебиет әлемінің өзгеше сырын сезініп қайтты.

<https://www.facebook.com/share/v/Eb73fCSc3TXmE8LE/?mibextid=WaXdOe>

22.11.2023 жылы «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында үш жүзге төбе би болып сайланған Төле Әлібекұлының 360 жылдығына орай мектебіміздің 8 сынып оқушыларымен бірге «Бабалар мұрасы – ұрпақ қазынасы» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Бұл шараның мақсаты: Оқушыларды Төле би бабамыздың өмір баянымен таныстырып, құнды мұралары мен шешендік сөздерін насихаттау.

<https://www.facebook.com/share/v/8UqhmLu6CpraaidQ/?mibextid=WaXdOe>

14.12.2023 Ұлттық мереке – ел Тәуелсіздігінің 32 жылдығына орай мектеп кітапханасында **«Еліміздің еркіндігі – тәуелсіздік»** атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Аталмыш көрмеге ел дамуының жасампаздық шежіресі, тәуелсіздік жынамасы, Мемлекеттік рәміздер, Тәуелсіздік жалауын желбіреткен Желтоқсан қозғалысы туралы, еліміздің әлеуметтік -рухани жаңғыруы мен бүгінгі қол жеткен толағай табыстары туралы жаңа кітаптар мен ақпараттық құжаттар қойылған. Сондай-ақ оқушылар мен ұстаздар осы және басқа да тәуелсіздік жайлы еңбектер мен дереккөздерін QR код арқылы қолдарындағы смартфонға жүктеп оқуға да мүмкіндік алды.

Көрмені ұйымдастырудағы негізгі мақсатымыз: оқушыларды Ұлы дала төсінде өркен жайған қасиетті Мәңгілік Қазақ Елінің тарихи

ғұмырнамасымен, тәуелсіздік шежіресімен, батыр бабаларымыздың ерлік пен күреске толы өнегелі өмір жолдарымен таныстыру, әлем таныған Тәуелсіз Қазақ елінің бүгінгі толағай табыстарымен, жасампаз жетістіктерін насихаттау.



<https://www.facebook.com/groups/2958909037673347/permalink/3148522518711997/?sfnsn=mo&ref=share>

03.01.2024 жылы «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 5 сынып оқушыларымен бірге «Үнемі оқитын адам – табысты адам» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Тақырыпқа орай Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» повестін оқушылармен бірге оқып, шығармаға әдеби талдау жасалынды. Бұл шарамыздың мақсаты: Оқушыларды кітап оқуға баулу. Оқыған кітабынан ой түйе алу дағдысын қалыптастыру. Оқушыларды үнемі кітап оқуға қызықтыра отырып, кітап деген алтын қазынаның құндылығын насихаттау, үнемі кітап оқуға дағдыландыру.



"Оқуға құштар мектеп" жобасын жүзеге асыру мақсатында жыл бойына «Өзің оқы, өзгеге ұсын» атты «READx» жобасы аясында оқырмандардың

көркем әдебиетке деген құштарлығын арттыру, мақсатында жұмыстар жасалынып жатыр. Шараның мақсаты: оқырмандарды кітап алмасуға, оқыған кітаптары бойынша ой бөлісуге шақыру болып табылады.

<https://www.facebook.com/share/v/8UqhmLu6CpraaidQ/?mibextid=WaXdOe>

09.02.2024 ж қазақтың қара өлеңін кие тұтқан, поэзия мұзбалағы, ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың 93 жылдық мерейтойына арнайы 8-10 сынып оқушыларымен «**Жырлайды жүрек**» атты мәнерлеп оқу сағаты ұйымдастырылды. Шараның мақсаты: Ақынның өмірі мен шығармашылығы арқылы адамгершілік, патриоттық тәрбие беру. Оқушылардың көркемсөз оқу шеберлігін дамыту. Ақын жырларындағы туған жерге, анаға, табиғатқа деген сүйіспеншілікті дәріптеу. Қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығын насихаттау. Оқушылардың ақын өлеңдерін терең түсініп, поэзияға деген сүйіспеншілігін арттыру.

<https://www.facebook.com/share/v/Eb73fCSc3TXmE8LE/?mibextid=WaXdOe>

14.03.2024 ж мектеп кітапханашысының ұйымдастыруымен 4-8 сыныптар арасында **“Ең көп оқитын сынып”** атты арнайы марафон ұйымдастырылды. Аталмыш шараның шарты: арнайы берілген шығармаларды сынып болып оқып талдау, кейіпкерлерге жеке мінездеме беру. Марафон барысында оқушылар, айтарлықтай нәтиже беріп, өз білімдері мен қабілеттерін көрсете білді. Шараның мақсаты: Оқушыларды кітап оқуға қызықтыру, оқу мәдениетін қалыптастыру, көркем әдебиетке деген сүйіспеншілікті арттыру, оқушылардың сөздік қорын байыту және сөйлеу мәдениетін дамыту, оқырмандық белсенділікті арттыру арқылы сыныптар арасында достық бәсекелестік орнату, оқушылардың шығармашылық ойлау қабілетін дамыту, оқырмандық сауаттылықты арттыру.

<https://www.facebook.com/share/v/Eb73fCSc3TXmE8LE/?mibextid=WaXdOe>

12.04.2024 ж Ғарышкерлер күніне орай мектебіміздің 1-11 сынып оқушыларына арнайы **“Ғарышқа жол – ерлікке жол”** атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Бұл шараның мақсаты: Оқушыларға ғарыш әлемі және ғарышкерлер туралы толық түсінік беру, білімдерін одан әрі кеңейту, ғарышкерлердің еңбегін бағалау, еңбексүйгіштікке, достыққа тәрбиелеу.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=521040959073288&id=100035021662232&sfnsn=wa

22.05.2024 ж жеке сыныптар бойынша жоқ оқулықтарды анықтап, тиісті жұмыстарды ұйымдастыру шаралары атқарылды. Бұл шараның мақсаты: Оқу процесін сапалы ұйымдастыру мақсатында жеке сыныптар бойынша жоқ оқулықтардың нақты санын анықтап, қажетті оқулықтармен толық қамтамасыз ету үшін тиісті шараларды жүзеге асыру. Сыныптар бойынша жоқ оқулықтардың санын нақтылау, кітапхана қорын толықтыруды жүйелі түрде бақылау.



Кітапханашы:  Ж. Нуртаева